

АНЫҚТАМА

Алдын алу кеңесі құрамын бекіту

2026 жылғы «7» қыркүйек күні Тайтөбе ауылының жалпы білім беретін мектебінде 2026–2027 оқу жылына арналған Алдын алу кеңесі құрамының №1 отырысы өткізілді. Отырысқа мектеп әкімшілігі, тәрбие жұмысына жауапты мамандар, мектеп психологы, әлеуметтік педагог және сынып жетекшілері қатысты.

Отырыстың мақсаты: білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың, мектепшілік тәртіпті бұзудың, буллинг пен зорлық-зомбылықтың, зиянды әдеттердің және басқа да әлеуметтік қауіптердің алдын алу; оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы түсініктерін кеңейту; әлеуметтік-психологиялық қолдауды қажет ететін балаларды анықтау және олармен жүйелі профилактикалық жұмыстарды ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша:

1. Алдын алу кеңесінің ережесімен таныстыру.
2. Алдын алу кеңесінің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру және негізгі бағыттарын белгілеу.
3. 2026–2027 оқу жылына арналған жалпы құқықтық кеңес жұмыс жоспарымен танысу.
4. Оқушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару ережелерімен таныстыру.
5. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету, мінез-құлқындағы қиындықтардың себептерін анықтау және оларды жою бағытындағы мектеп психологының жұмыс жоспарын бекіту.
6. «Тәуекел тобындағы» оқушыларды, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылардан шыққан балаларды, тұрмысы төмен отбасылардан шыққан білім алушыларды, сондай-ақ ЖББМ және профилактика жүйесі органдарында есепте тұрған балалар туралы мәліметтерді нақтылау.
7. Оқушылар туралы мәліметтер базасын жаңарту және мектептің әлеуметтік паспортындағы ақпараттарды толықтыру.
8. Әлеуметтік педагогтың 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қарау және бекіту.

Отырыста қаралған мәселелердің мазмұны: Алдын алу кеңесінің жұмысы білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, құқықтық сауаттылығын арттыруға,

қиын жағдайға тап болған оқушыларға дер кезінде қолдау көрсетуге және мектеп пен ата-ана арасындағы өзара байланысты күшейтуге бағыттталатыны атап өтілді. Кеңес мүшелеріне оқушылардың мінез-құлқына қатысты мәселелерді қарау кезінде баланың жас ерекшелігін, әлеуметтік жағдайын және психологиялық жағдайын ескеру қажеттігі түсіндірілді.

2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау, мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, құқықтық тәрбие беру, зиянды әдеттердің алдын алу және ата-аналармен профилактикалық жұмыстар жүргізу бағыттары белгіленді.

Оқушыларды мектепішілік есепке қою және есептен шығару тәртібі бойынша жауапты тұлғаларға құжаттарды талапқа сай рәсімдеу, әрбір оқушы бойынша жеке профилактикалық жұмыс жоспарын жүргізу, бақылау нәтижелерін тіркеу және ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Мектеп психологына білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін зерделеу, қиындық туғызатын мінез-құлықтың себептерін анықтау, жеке және топтық консультациялар өткізу, қажет болған жағдайда ата-аналармен және сынып жетекшілерімен бірлескен жұмыстар ұйымдастыру тапсырылды.

Әлеуметтік педагогқа оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерделеу, әлеуметтік паспортты жаңарту, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларды анықтау, тұрмыстық жағдайы күрделі балаларға тиісті қолдау көрсету және профилактикалық есепке алынған білім алушылардың жағдайын бақылау міндеттері белгіленді.

Сынып жетекшілеріне өз сыныптарындағы оқушылардың әлеуметтік жағдайы мен сабаққа қатысуын тұрақты бақылау, ата-аналармен байланыс орнату, оқушының мінез-құлқында немесе оқуында өзгерістер байқалған жағдайда мектеп психологы мен әлеуметтік педагогқа уақытылы хабарлау қажеттігі ескертілді.

.Сонымен қатар білім алушылар арасында буллингтің, кибербуллингтің, зорлық-зомбылықтың, құмар ойындарға тәуелділіктің, есірткі және психобелсенді заттарды қолданудың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажеттігі атап өтілді.

Отырыс қорытындысы бойынша төмендегідей шешімдер қабылданды:

1. Алдын алу кеңесінің 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары басшылыққа алынсын.
2. Оқушыларды мектепішілік есепке қою және есептен шығару жұмыстары қолданыстағы тәртіпке сәйкес жүргізілсін.

3. «Тәуекел тобындағы» және әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушылардың тізімі нақтыланып, мәліметтер базасы жаңартылсын.

4. Мектеп психологының психологиялық-педагогикалық түзету және профилактикалық жұмыс жоспары бекітілсін.

5. Әлеуметтік педагогтың 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.

6. Сынып жетекшілері оқушылардың сабаққа қатысуын, тәртібін және әлеуметтік жағдайын тұрақты бақылауда ұстасын.

7. Ата-аналармен жеке және топтық түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылып, қажет болған жағдайда мектеп әкімшілігі мен мамандардың бірлескен кездесулері өткізілсін.

8. Құқық бұзушылықтың, буллингтің, зорлық-зомбылықтың және зиянды әдеттердің алдын алу бойынша профилактикалық іс-шаралар тұрақты жүргізілсін.

9. Алдын алу кеңесінің келесі отырыстарында атқарылған жұмыстардың нәтижелері қаралып, жауапты тұлғалардың есептері тыңдалсын.

Қорытындылай келе, Алдын алу кеңес құрамының №1 отырысында 2026–2027 оқу жылында оқушылар арасындағы профилактикалық жұмысты жүйелі ұйымдастыруға қажетті негізгі мәселелер қаралып, жауапты мамандардың міндеттері нақтыланды. Оқушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсету, ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту бойынша тиісті тапсырмалар берілді.

Осы анықтама Алдын алу кеңесінің №1 отырысының өткізілгенін және онда 2026–2027 оқу жылына арналған профилактикалық жұмыстардың негізгі бағыттары қаралғанын растау мақсатында берілді.

Мектеп директоры

Г.С.Алиева

ДТІЖО

А.М.Каепов

Әлеуметтік педагог

А.А.Жұмабаева

Мектеп психологы

Д.Д.Арингазина